

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ -
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Қолжазба құқығында

САДИРОВА КҮЛЗАТ ҚАНИҚЫЗЫ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП КОМПОНЕНТТІ
САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

*Әмірхан атаға
ізі нәсітпен.*

10.02.02- Қазақ тілі

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін

алу үшін дайындалған диссертацияның

А В Т О Р Е Ф Е Р А Т Ы

Алматы - 1997

Жұмыс Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының грамматика бөлімінде орындалды

Ғылыми жетекшісі - филология ғылымдарының докторы,
профессор **К.М.Есенов**

Ресми оппоненттер - ҚР ҒМ-ҒА мүше-корреспонденті,
филология ғылымдарының докторы,
профессор Р.П.Сыздықова,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент Ж.Сәдуақасов.

Жетекші ұйым - Қазақтың Мемлекеттік Қыздар
педагогтік институты

Диссертация 1997 жылы "Зиялылар сарат" 14⁰⁰-де

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы 10.02.06 түркі тілдері және
10.02.02 қазақ тілі мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы
дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Д 53.38.01 диссертациялық кеңестің
мәжілісінде қорғалады /480021, Алматы қаласы, Қурманғазы көшесі, 29/

Диссертациямен Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми
кітапханасында танысуға болады /480100, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28/.

Автореферат 1997 жылы "30-сәуірде" таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым-хатшысы, филология
ғылымдарының кандидаты


Н.УӘЛИЕВ

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Кейінгі кезеңде көп өлшемді құрылысы мен көп қабатты мазмұны жағынан синтаксистегі жай және қалыпты құрмалас сөйлемдердеп ерекшеленетін күрделі тілдік құрылымдар зерттеушілер назарын аудара бастады. Құрмалас сөйлемдердің көп жылдық зерттеу тарихына қарамастан /С.Жисенбаев, Н.Т.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Р.Сыздықова, Р.Әміров, Қ.Есенов, Қ.Мамытбеков, О.Төлегенов және т.б./ тіл білімінің қазіргі даму жағдайында сөйлем құрылысы мен семантикасының ара қатынасы, олардың күрделенуі синтаксистегі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Сөйлем құрылысының кеңейіп, мазмұнының күрделенуі тілдің абстрактілі таным процесінде белсенді қызмет атқаруымен қатар, адамның оперативтік есінің кеңію мүмкіншілігімен тығыз қатынаста болады. Адам танымының кеңеюіне байланысты ойлау категориялары жаңадан толығып отырады. Бұл сөйлем құрылымының ұлғаюына, мазмұнының тереңдеуіне әкеледі. Адам танымының күрделенуі сөйлем құрылымын да күрделендірген. Мұндай сөйлемнің бір түрі - көп компонентті салалас құрмалас сөйлемдер /әрі қарай КҚСҚС/.

Тақырыптың өзектілігі. КҚСҚС-нің кей белгілері /көлемі, әрыңғай және бірыңғай қатынаста келетіндігі/ құрмалас сөйлем түрлерін қарастыратын зерттеулерде /Н.Т.Сауранбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Қ.Мамытбеков, Т.Қордабаев, О.Төлегенов, Қ.Есенов, Х.Арғынов/ сөз болғанымен, осы сөйлем құрылысына тән көп өлшемдік /терсіздігі, предикативтік бірліктері /ПБ/, компоненттері, т.с.с. және мағыналық көп қабаттылығы /мағыналық иерархия түзуі/ егжей-тегжейлі зерттелмегендігі көрінеді. КҚСҚС-нің зерттелуімен қазақ тілі синтаксисінде құрмалас сөйлем түрлері теориясы жетіле түседі.

ККҚС-нің зерттелуі текст пен оның элементтері арасындағы тәуелділікті, жалғаспалылықты түсінуге мүмкіндік береді, өйткені тілдің өзара байланысты буындардан тұратындығы белгілі. Полипредикативті құрмалас сөйлемдердегі синтаксистік қатынастар да жалпы текске тәуелді болады.¹

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсаты, біріншіден, қазіргі әдеби тілімізде кеңінен қолданылып жүрген көп компонентті салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық құрылымдық сипатын және осы сөйлемге тән заңдылықтарды ашу. Екіншіден, аталған сөйлем типінің тілімізде қалыптасуына және кең түрде қолданылуына түрткі болған себептерді көрсету, көлемінің кеңдігіне қарамастан қабылдауда қиындық туғызбау себептерін табу. Бұл мақсаттардан туындайтын міндеттер:

- ККҚС-нің мағыналық түрлерін ажырату мәселелері:

- а) мағыналық өрістері;
 - ә) мағыналық иерархия түзуі;
 - б) мағыналық түрлері;
- ККҚС-нің синтаксистік құрамын, құрылымын анықтау;
- а) екі құрамды;
 - ә) үш құрамды;
 - б) төрт не одан да көп құрамды;

- ККҚС компоненттерінің синтаксистік байланысу жолдарын сипаттау:

- а) жалғаулықты,
- ә) жалғаулықсыз,
- б) жалғаулықты - жалғаулықсыз.

¹ Шитов А. Зависимость синтаксических отношений в полипредикативных сложных предложениях от текста. Синтаксические отношения в сложном предложении. Калинин. 1989. с. 84-86

- тілдің синтаксистік құрылысында алатын орнын көрсету.

Зерттеудің объектісі. Жұмысымыздың зерттеу объектісі-жалпы тіл біліміндегі және түркі тіл біліміндегі, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлем теориясына қатысты көзқарастар жүйесі негізінде анықталған қазіргі қазақ тіліндегі көп компонентті салалас құрмалас сөйлемдер.

Жұмыстың негізгі материалы. Зерттеудің тілдік көрсеткіштері халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен, көркем әдебиет үлгілерінен, ғылыми стиль және баспасөз тілінен алынды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. ККҚС-ді күрделі ойды білдіруге қалыпты салалас құрмаластардан өзіндік айырым белгілерімен ерекшеленетін тілдік бірлік ретінде дербес тану жұмыстың ғылыми жаңалығын құрайды. Диссертацияда ККҚС-нің негізгі белгілері сараланып бұрын зерттеу объектісі болмаған құрылымдық - семантикалық түрлері анықталды. Сонымен қатар, ККҚС құрылымына тән негізгі құрылымдық үлгі, бағыныңқы құрылымдық үлгі (схема), негізгі мағыналық мүшелену, ішкі мағыналық мүшелену, "дәнекер" (қаттаушы) компонент, компонентаралық предикативтік бірліктер (ПБ), компонент ішіндегі ПБ-тердің қозғалу еркіндігі т.с.с. мәселелер алғаш рет сөз болып отыр. Компоненттер мен ПБ-тер айырмашылығы ажыратылды.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Жұмыстың нәтижелері құрмалас сөйлем теориясын толықтыра түсіп, осы бағыттағы ғылыми зерттеулердің көптеп жүргізілуіне септігін тигізе алады.

Қазақ тіл білімі ғана емес, түркі тіл біліміне арналған теориялық және практикалық еңбектерге (грамматика теориясы, оқулық) қосымша материал ретінде қолдануға болады. ККҚС бойынша жасалынған теориялық тұжырымдамаларды бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдарда, арнайы курстарда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

ККҚС-дер- құрамында кем дегенде салаласа байланысқан үш ПБ-тердің мағыналық, тұлғалық әрі интонациялық тұтастығын сыйдырып тұрған, көп өлшемді құрылымы мен көп қабатты мағынасымен анықталатын күрделі синтаксистік бірлік.

-ККҚС-дер-халық ауыз әдебиетінде сыннан өткен, әрі қалыпты салаластардың құрылымдық кенсі нәтижесінде пайда болған сөйлем түрі.

-ККҚС-қалыпты салалас сөйлемдерден сандық та, сапалық та айырмашылықтары бар құрмалас сөйлемнің бір түрі.

-ККҚС құрамындағы компоненттерінің (жай не күрделі) мағыналарың өзіне қабықтап, жинақтап тұратын бір "мағыналық ұйытқы" бөлігінің болуымен ерекшеленеді.

-ККҚС-нің синтаксистік құрамы компоненттердің және оларды түзетін предикативтік бірліктердің жүйесінен тұрады.

-ККҚС компоненттері құрамындағы ПБ-тердің сипаты, олардың компонент ішінде және компонент арасында қозғалу еркіндігі, компоненттер түрлерін, олардың арасындағы қатынастарды, жекелеген сипаттарың, жалпы сөйлем құрылымының ерекшелігін көрсетеді.

Бірыңғай жай компонентті ККҚС-ге бір сатылы мүшелену, ал әрыңғай компонентті және бірыңғай күрделі компонентті салалас құрмалас сөйлемдерге көп сатылы (екі, үш не одан да көп) мүшелену тән болады.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде сипаттама әдісін таңдап алу жұмыстың мақсаты мен міндетіне тікелей байланысты болды. Сонымен қатар , талдаудың қысқарту, ауыстыру, қажетті мәліметтерді саралау, пікірлерді қорыту, ұғымдарды жинақтау, модельдеу әдістері пайдаланылды.

Жұмыстың жариялануы мен талқылануы. Диссертацияның материалдары, негізгі тұжырымдар мақала түрінде ғылыми журналдарда жарық көрді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Лингвистикалық

семинарда баяндама жасалды (5 көкек, 1996 жыл).

Диссертация ҒМ-ҒА А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының грамматика бөлімінде орындалып, осы бөлімнің кеңейтілген мәжілісінде талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан тұрады. Жұмыс соңында қысқартылған көрсеткіштер мен әдебиеттер тізімі берілген.

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері негізделіп, ғылыми жаңалығы, зерттеу объектісі, теориялық және практикалық маңызы туралы сөз етілді. Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар жіктеліп көрсетіліп, зерттеу әдістеріне сипаттама берілді.

“Көп компонентті салалас құрмалас сөйлемдердің зерттелуі мен дамуы” деп аталатын **бірінші тарауда** мәселенің зерттелу тарихына түркі тіл білімі тұрғысынан, орыс және кейбір басқа тілдер тұрғысынан, негізінен, қазақ тіл білімі тұрғысынан шолу және талдау жасалды. Көрсетілген тіл біліміндегі пікірлер мен көзқарастар, ККҚС проблемасының зерттелу деңгейі қарастырылады. Осымен қатар құрмалас сөйлемдердің дамуы туралы еңбектерге талдау жасалып, соның негізінде ККҚС дамуы туралы пікірлер талданды.

Салалас құрмалас сөйлем (СҚС) жүйесінің жалпы құрмалас сөйлем (ҚС) жүйесінде өте ертеден келе жатқандығы тіл білімінде аталып жүр (Н.Саурабаев, Ә.Хасенов, С.Алиев, И.Гасанов, Қ.Өмірәлиев, М.З.Закиев, К.З.Ахмеров, М.М.Гаджиев т.б.). Осы ғалымдардың еңбектерін талдау барысында қазіргі кезде көп компонентті салалас құрмалас сөйлем (ККҚС) деп танылып жүрген сөйлем типінің ертеден-ақ белгілі болғандығын анықтауға мүмкіндік ала аламыз. Осы ретте М.З.Закиевтің: “...подобные предложения довольно хорошо были развиты уже в языке Орхопо-Енисейских памятников У-УШ веков. В них мы находим почти все формы многочленных сложных предложений”¹,

¹Закиев М.З. Синтаксический строй татарского языка. Казань. 1963. С.413

-деген ішкірімен келісу дұрыс болады деп санаймыз

ККҚС - нің тілімізде өте ертеден бар тілдік құбылыс екендігін, бұл сөйлем типінің мақал-мәтелдерде, жұмбақ, ертегілерде жиі ұшырасатындығынан көруге болады. **ККҚС**-нің ауыз әдбисті үлгілерінде кеңінен қолданылатындығын К.Есенов атап көрсеткен¹.

ККҚС - ге қатысты орыс тіліндегі материалдарды талдау барысында біз оларды екі топқа бөліп қарастырдық. Бірінші топқа орыс тіліндегі **ККҚС** құбылысын зерттеген еңбектер еңсе (Г.Ф.Калашникова, Г.П.Уханов, Н.Н.Холодов, М.В.Симулик т.б.), екінші топқа орыс тілінде жазылған жекелеген тілдерде **ККҚС** құбылысын қарастырған еңбектер алынды (Г.М.Хашимов, А.М.Черемисина, А.М.Бродская, Е.К.Скрибник т.б.)

Н.Н.Холодов **ККҚС**-нің үш типін атап көрсетеді:

- 1) бөліктерінің әрқайсысы жай сөйлеммен келген ара жігі анық танылатын **ККҚС**;
- 2) бөліктерінің бірі не бірнешеуі салалас құрмалас сөйлем түрінде келген **ККҚС**;
- 3) әр бөліктері салалас құрмалас сөйлем түрінде келген **ККҚС**.

Ғалымның ойынша, бір модельдегі бір сөйлемді әр түрлі интонациямен оқығанда, олардың мағыналық топтарға бірігуі өзгереді, осыған байланысты мағыналық қатынастар да басқа сипат алады.

Сөйлемнің интонациясын өзгерту арқылы мағыналық қатынастардың өзгеретіндігін айтады.²

В.А.Шитов тексттің "минимальды элементтерінің" (құрмалас

¹Есенов Х.М. Структурно - семантические типы сложносочиненных предложений в казахском языке // Изв. АН КазССР серия филологическая .1991 №2. С.42

²Холодов Н.Н.К вопросу об изучении многочленных сложносочиненных конструкций в школе // Русский язык в школе.1971 №1 С.40-45

құрамындағы жай сөйлемдердің, біздің айтуымызда, предикативтік бірліктердің) арасындағы қатынастар жалпы текке тәуелді болады деп есептейді. Текке тәуелдік, автордың айтуынша, ККҚС құрылымын және оның компоненттерінің арасындағы мағыналық қатынастарды түрліше түсінуге мәжбүр етеді.¹

Түркі тілдері синтаксисін зерттеуге арналған еңбектерді талдау барысында ККҚС-нің зерттелу деңгейінің әр түрлі екендігін аңғардық. ККҚС әр түркі тілінде өзінше атауға ие болып келеді. Мысалы, татар тілінде "куп тезмәле кумша жумлә", өзбек тілінде "богланши йули билан тузилган мураккаб кушма гаплар", қарақалпақ тілінде "коп компонентли дизбекли коспа гәп" т.б.

Татар тілі синтаксисін зерттеуші М.Э. Зәкиев ККҚС-ді құрылымына байланысты жеті түрге бөліп көрсетеді. Ғалымның баяндауынша, ККҚС құрамындағы сөйлемдер параллель келеді және санамалау интонациясымен айтылады. Автордың айтуынша, параллель процестерді білдірген сөйлемдер мағыналары жағынан бір-бірінен алашақ болуы да мүмкін. Бірақ оларды жинақтап бір мезгілде көрсету мақсат етілетіндіктен ғана олар бір құрмалас құрамына еніп тұрады.²

Өзбек тілі синтаксисінде М. Асқарова мен Г. А.Абдурахманов ККҚС (богланши йули билан тузилган мураккаб кумша гаплар) туралы былай дейді "...уч еки ундан ортик тнег хукукли компонентлардан тузилади"³.

Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерде салалас құрмаластың құрамында компоненттер санының ексуден көп болып келетіндігі аталып, салалас

¹ Шитов В.А. Аталған еңбек. Калинин. 1989. С.84-86.

² Зәкиев М.Э. Хәзерге татар әдәби телс. Синтаксис. Казан университеты нәшрияты. 1958. 225-226-б.

³ Асқарова М., Абдурахманов Г. Узбек тили грамматикасининг практикуми (педагогика институтларининг филология факультетлари студентлари учун) Тошкент. 1972. 222-223-б.

сөйлем анықтамаларында көрсетіліп жүргенімен (А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ә.Хасенов, М.Балақаев, А.Ысқақов т. б.), оны қалыпты және көп компонентті деп бөлу болған жоқ.

Н.Сауранбаев еңбегінде бұл сөйлем "жайылыңқы іргелес" деп аталса¹, А.Байтұрсынұлында "орамды сөйлем" деп көрсетілген. А.Байтұрсынов салалас сөйлемді **қойылыңқы** ("Мал да керек, жан да керек - бәрі де керек") және **сұйылыңқы** ("Шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнап қалған құл емес")² деп бөлуінде негізге алынған - сөйлем компоненттерінің мағыналық қатынастарының іштей топталуы .

Қазақ тіл білімінде ККҚС - ге берілген анықтамаларда ККҚС қасиеттері шашыраңқы түрде айтылып жүр . ККҚС - дерді қалыпты салаластардың бөлек бір түрі етіп қарау академиялық қазақ тілі грамматикасында **көп тармақты салалас** деген атпен көрініс тапқан. Көп тармақты салалас сөйлемдерге қатысты мынадай мәселелер аталған: 1) көп тармақты салалас сөйлем (КТСС) компоненттерінің бір-бірімен жалғаулық арқылы да, жалғаулықсыз да байланысатындығы; 2) КТСС компоненттерінің мағыналық қатынастарының әр түрлі де, бірыңғай да болатындығы; 3) түсіндірмелі қатынаста байланысатындығы; 4) КТСС компоненттерінің жай сөйлем түрінде ғана емес, құрмалас сөйлем түрінде де келетіндігі; 5) компоненттер бірлігін барлық компонентке ортақ бір сөздің болуы мен ілік септікті мүшенің келуі туғызатындығы.³

Бұдан басқа зерттеулерде КТСС-ге қатысты ойларда айтарлықтай өзгешеліктер байқалмайды. Өзгешелік осы сөйлемнің аталуына қатысты туған. М.Балақаев, Т.Қордабаев бұл құрмаласты "көп компонентті салалас", О.Төлгенов, Х.Арғынов "күрделі салалас", Қ.Мамытбеков

¹Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем жүйесі. Алматы. 1948. 32-б.

²Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992. 301, 302, 310-б.

³Қазақ тілінің грамматикасы. 2-бөлім. Алматы. 1967. 190-191-б.

кандидаттық диссертациясында “көп құрамды салалас”, кейінгі зерттеулерінде көп компонентті салалас деп атайды.

ККҚС-ді Қ.Мамытбеков қалыпты салаластан ерекпе, өзіне тән грамматикалық табиғаты бар синтаксистік бүтін ретінде қарастырды. Ғалым ККҚС-ге тән басты белгінің бірі ретінде оның мағынасының екі, үш, т.с.с. қатар түзейтіндігін көрсетеді. ККҚС-нің құрылымдық түрлерін ажыратуда екі түрлі көзқарас бар екендігін байқауға болады: біріншісі - ККҚС-нің құрылымы ашық та, тұйық та болып келеді деп санаушылар (Қ.Мамытбеков), олардың айтуынша, әрбір қатынасты салаластың құрылымы тұйық, бірыңғай қатынасты салаластың құрылымы ашық болып келеді; екіншісі - ККҚС қатарына тек әр түрлі қатынастағы тұйық құрылымды сөйлемдерді жатқызады (О.Төлегенов). Ортақ бастауышты жай сөйлемдерді ККҚС қатарында қарастырған еңбектер бар (Қ.Мамытбеков). Біз өз зерттеуімізде профессор Қ.Есеновтың: “...құрмалас сөйлем құрамындағы әрбір жеке компоненттер - бір бүтін байланысқа түскен әдеттегі жай сөйлемдер. Сондықтан олар жай сөйлемнің құрамында бастауыш пен баяндауыш қандай қажет болса, құрмалас сөйлемнің әрбір компоненттерінде де сондай қажет болуымен айқындалады”¹, - деген пікірін басшылыққа алдық. Біздің ойымызша, моносубъектілі полипредикатты сөйлемдерді жай сөйлем қатарында қарастыру дұрыс болмақ.

ККҚС-нің табиғатына сай, оның тілде өмір сүруіне мүмкіндік беретін заңдылықтар оның бойында қалыптасқан. Бұл мәселені жеке ККҚС-ге қатысты арнайы сөз еткен еңбек жоқ деуге болады. Бірақ тілдегі сөйлемнің қабылдауын жеңілдететін қасиеттер туралы жалпы сөз болып жүр. “Көп сөзділігіне құрамай”, сөйлемнің жеңіл қабылдану себептерін профессор Р.Сыздықова көрсеткен.²

¹Есенов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқылы сөйлемдер. Алматы. 1969. 37-38-б.

²Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы. 1995. 135-б.

II тарау “Қазіргі қазақ тіліндегі көп компонентті салалас құрмаластардың құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері” деп аталады. Тараудың бірінші бөлімінде ККҚС-нің қалыпты салаласпен салыстырыла отырып өзіндік айырым белгілері анықталды. ККҚС-нің құрылымдық ерекшеліктері: а) қалыпты салалас жай компоненттерден тұрады, ал ККҚС жай және күрделі компоненттерден құралады. “Компонент” ұғымы әр тілде әр түрлі түсіндірілген. Бірде құрмалас сөйлем құрамындағы жекелеген жай сөйлем (Н.Сауранбаев, Г.А.Абдурахманов, А.Нажимов, т.б.) деп, бірде ПБ-терді біріктіретін құрылым (Г.Ф.Калашникова), бірде форманттың күрделі бөліктің құрылыс материалы (Г.П.Уханов, М.В.Симулик, О.Төлегенов) деп қолданылады. Біздің тұжырымдауымызша, компонент құрамына жай және күрделі құрылымды ПБ-терді біріктіріп тұратын ККҚС-нің негізгі құрылымдық схемасында синтаксистік арнаулы орны бар, ККҚС-нің негізгі құрылыс материалы. Компоненттің екі түрі бар: 1) жай компонент (бір ғана ПБ-тен тұрады), 2) күрделі компонент (бірнеше ПБ-терден тұрады). **Көркемтайдың ауылы астан-кестен болды (1)^I: кемсеңдеп кемпір-шал жылады (2), қанын ішіне тартып сұрланып аң соққан балықтай мең-зең болып жастар тұрды (3)^{II} (Б.Майлин).** Сөйлемнің 1-компоненті жай (1), 2-компоненті - күрделі (2,3).

ККҚС-нің екінші ерекшелігі оның көлемінен көрінеді. Құрмалас сөйлем көлеміне оның құрамына енетін ПБ-тер саны кіреді. ККҚС - де, ең кем дегенде, үш ПБ болады. Біздіңше, ПБ - сыртқы құрылыс жағынан жай және құрмалас сөйлемдермен біртектес, бірақ сөйлем категориясына тән мағыналық және интонациялық дербестігі болмайтын, сөйлем компонентінің құрамында арнайы синтаксистік орны бар ККҚС-нің бастапқы құрылыс материалы.

ККҚС көлемі оның бойына, құрамына жаңа қасиеттер әкеледі.

Оның бірі - ККҚС-нің мүшеленуі. Мүшелену - ККҚС құрылымының бөлшектерге бөлінуі. Ол екі түрлі болады: 1) мағыналық мүшеленуі, 2) құрылымдық (материалдық) мүшелену. ККҚС біртұтас синтаксистік құрылымда келіп, күрделі коммуникативтік қызмет атқарады. Осы қызметін жүзеге асыруда ККҚС құрамына жеке мағыналарға ие ПБ -тер енеді және олардың мағыналары өзара іштей жымдасады. Ол ПБ мағыналарының, бірін-бірі тартуымен және олардың тең дәрежеде тартылуы арқылы жүзеге асады. Егер олардың өзара тартылуы тең дәрежеде болса, әр ПБ бір компонент түзіп, олардың мағыналары бірдей деңгейде тұрады да, олар бір сатылы мүшеленуге ие болады. Оны бір түзудің бойына орналастыруға болады. Егер ПБ -тер мағыналары бірін-бірі өздерінің жақындықтарына қарай бірі тартып екіншісі тартылып тұрса, осы екеуі бір мағынаны тудырып, келесі компоненттердің мағыналарымен байланысады. Компоненттерінің мағыналық тартылуларына қатысты ККҚС-де бір, екі не одан жоғары сатылы мағыналық мүшелену пайда болады. Бір сатылы мүшелену қалыпты салаласқа да тән, бірақ оның көлемі екі ПБ-пен анықталады. ККҚС бір сатылы мүшелену барысында бірнеше (екеуден көп) ПБ-пен келеді. Екі сатылы, үш сатылы, одан да көп сатылы мүшеленудің болуы - ККҚС-ді қалыпты салаластан айрықшалайтын бір белгі. Мүшеленуді туғызатын себеп компоненттердің іштей күрделенуі не ПБ-тердің компоненттерге бірігуі. ККҚС-нің мағыналық мүшеленуі компоненттерінің арасындағы семантикалық қатынастың әршұғай келуі кезінде көрінеді. ККҚС-нің құрамындағы ПБ-тердің мағыналық қатынастарының кейде тең емес дәрежеде келуін шартты түрде түсіну керек. Өйткені ККҚС компоненттері және оған енетін ПБ-тер сабақтас құрмалас сөйлеммен салыстырғанда қалыпты салаластағы тәрізді тең дәрежеде байланысады. Бірақ ККҚС ішінде олардың мағыналық жүктерінің күші әр қилы, олар бір-біріне тәуелді, өзара шарттас. ККҚС-нің мағыналық мүшеленуінің өзі оның құрылымдық (материалдық) мүшеленуін туғызады, не сонан көрініс табады. Басқаша

айтқанда, ККҚС әуелі өзінің тұтас бастапқы күйінде мүшеленеді. Мұны негізгі мүшелену дейміз. Бұл кезде ККҚС өзінің компоненттерінің жігіне ажырайды, яғни, сөйлемнің қалай құрастырылғанына куә боламыз. ККҚС екінші кезекте өзінің неден жасалғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мақсат компоненттерді ПБ-терге жіктеу, мүшелеу арқылы көрініс берсді. (Әрине бұл екінші процесс жай компоненттерден тұратын бірыңғай қатынастағы сөйлемге тән емес). Мұны ішкі мүшелену деп айтамыз. Біз ККҚС-нің құрылымдық, мағыналық мүшеленуі дегенімізбен, бұл екеуі де біртұтас құрылымдық схемада жүзеге асады. Осыған орай, құрылымдық схеманың өзі біртұтастығын сақтай отырып, іштей екі сипатта тұрады. Негізгі құрылымдық және негізгі мағыналық мүшелену негізгі құрылымдық схемаға сыйып тұрады да, ішкі мағыналық және құрылымдық мүшелену ішкі құрылымдық схемада көрініс табады. Сөйлемнің құрылымдық схемасы В.Бабайцеваның айтуынша, ойдың логикалық құрылымының әсерімен қарым-қатынас процесінде туатын, типтік стереотиптер¹. Жоғардағы айтылғандарға қатысты мына мысал-сөйлемге талдау жасап көрейік. Темучин бұл міндетті екі жас сардарға жүктеді (1), оның біреуі Зелменің інісі Сүбетей (2), сінді біреуі Мұхұлай еді (3)¹, екеуі осыдан он екі жыл бұрын Темучин Зелменің үйінен аттанғанда талай кісімен бірге келіп, Темучинге қосылған бала жігіттер болатын (4)^{III}, бұл күнде Сүбетей жиырма тоғыз жаста (5), Мұхұлай отыз екі жаста (6)^{II} (И. Ясаши. Ауд. Бадымжан). Бұл ККҚС-нің негізгі құрылымдық схемасы түсіндірмелі қатынастағы қалыпты салаластың екі құрылымдық схемасының бірігуінен туып тұрған тәрізді. Негізгі құрылымдық схемада үш күрделі компонент бар. Бірінші компонент құрамына үш ПБ біріккен. Оның екеуі алғашқыны түсіндіріп тұр. Яғни күрделі компонент құрамындағы алғашқы ПБ жай және ол өз құрамында өзі анықтауды қажет ететін сөздің (екі жас сардарға) келуі арқылы екінші,

¹ Бабайцева В.В. Изучение членов предложения в школе. М., 1975. С.154.

үшінші ПБ-терді біріктіріп тұр. Соңғы ПБ-тің қызметі алғашқыны түсіндіру. Бірінші күрделі компоненттің ішкі құрылымдық мүшеленуі екі сатыға ие: Ә-1,2,3, Б-2, 3. Ә сатысындағы ПБ-тер арасындағы мағыналық қатынас-түсіндірмелі, Б сатысындағы ПБ-тердің мағыналық қатынасы-ыңғайлас. Екінші күрделі компонент құрамы да дәл осындай сатыға және осылайша мағыналық қатынасқа ие болып тұр. Оның құрамына енетін ПБ-тер саны үшеу. Құрылымдық схемасы: В-4/5,6, Г-5,6. В-түсіндірмелі қатынаста, Г-ыңғайлас қатынаста келіп тұр. Үшінші күрделі компонент табиғаты басқашалау. Ол бірдей екі құрылымдық схемалардың біртұтас құрылымға кірігуді негізінде туған. Осы көріністі, яғни компоненттердің кірігу процесінде пайда болған күрделі компонент "көпір" қызметін атқарушы тәрізді. Өз құрамына екі компонентке де ортақ ПБ-терді енгізіп тұр. Әрі олардың арасындағы қатынас сипаты алдыңғы сөз болған компонент құрамындағы ПБ-тер қатынасына керісінше. Алдыңғы ПБ-тер (2,3) өзара ыңғайласа байланысса, соңғы (4) ПБ оларды қорытып тұр. Бұл күрделі компоненттің өзі екі ішкі сатыға ие: Г-2,3/4, Д-2,3. Мұндай компонентті "қаттаушы" деп, оның құрамына енетін ПБ-терді "компонентаралық ПБ" деп атауға болады. Негізгі құрылымдық схемадағы компоненттердің мағыналық қатынастары әрқайсысындағы ПБ-тер мағыналарының жинақталуы негізінде туындайды. Бұл компоненттердің мағыналық дәрежесі де теңе-тең емес. Келтіріліп отырған сөйлемде екі нәрсе мақсат етілген: 1/Темучиннің екі жас сардарға міндет жүктеуі, 2/сол сардарлардың сипаттары. Мақсаттың орындалуы барысында бірінші компонент өзгелерге тірек болып тұр. Әрі бұл компонент құрамындағы бірінші ПБ тұтас сөйлемге "мағыналық ұйытқы" болып тұр. "Мағыналық ұйытқы" тұтас компонент те, не компонент құрамына енетін бір ПБ-те бола алады. Сөйлемнің жаңа мағыналық сипатының бастау желісі осы "мағыналық ұйытқыдан" көтеріледі. Бұл сөйлем мағынасы - түсіндірмелі. Талданған сөйлемнің құрылымдық схемасын осылайша

көрсетуге болады:



Тұтас сөйлем үшін ішкі құрылымдық схемаға тән мүшелену (мағыналық және құрылымдық) негізгі құрылымдық схемадағы мүшеленуге (мағыналық және құрылымдық) оның ішкі құрамдас бөлігі болып енеді. Ішкі мүшеленудің көп болуы да, аз болуы да мүмкін. Байқап отырғанымыздай, ККҚС-нің сипаты екі қатынас жүйесінен тұрады: 1/ПБ-тер арасындағы мағыналық және құрылымдық қатынас; 2/ компоненттер арасындағы мағыналық және құрылымдық қатынастар жүйесі. ККҚС құрылымы екі белгімен ажыратылады: біріншіден, компоненттердің аралық байланыстарының сипатымен, екіншіден, компоненттердің санымен. Қалыпты салалас құрмаластың құрылымдық схемасы екі орынды болса, ККҚС күрделенген, яғни көп орынды құрылымдық схемада келеді. ККҚС-нің құрылымдық схемасы СҚС-ге тән синтаксистік байланыс /салалас/ арқылы жүзеге асады.

Тараудың екінші тармағында ККҚС-нің мағыналық түрлерге бөлу мәселелері мағыналық аймақ/өріс/ түзуі, мағыналық иерархияның пайда болуы, мағыналық түрлері сөз болады.

СҚС құрылысы жеке жай сөйлемдердің мағыналық тізбегінен өрбіп отырады. Мұндай синтаксистік компоненттер саны ККҚС үшін үшуден кем болмайды. Екі құрамды ККҚС үшін синтаксистік компонент саны екеу, бірақ біреуі міндетті түрде күрделі болады. Осыған байланысты, яғни ККҚС-нің көлеміне қатысты оның компоненттерінің арасындағы мағыналық қатынас та түрлі сипатымен ерекшеленеді. ККҚС

¹ Есенов Қ. Аталған сңбек. 14-15-б.

компоненттері сөйлесім ішінде өздерінің мағыналық аймақтарын түзей алады. Бірақ бұл ККҚС-нің бәріне бірдей тән емес. Кей ККҚС-дерде оның әрбір синтаксистік компоненті топтарға жіктелмей, жеке-жеке тұрып көршілес компонентпен байланыса береді. **Мағыналық аймақ түзетін компонент күрделі болады.** Ол өз аймағына жекелеген ПБ-терді біріктіреді.

ККҚС-де мағыналық иерархия түзіледі. Мағыналық иерархия кез келген ККҚС-де емес, құрылымдық схемалары кірігу жолымен тіркесімге елген түрлерінде болады. Және ашық құрылымды ККҚС үшін және бірыңғай жай компонентті салалас үшін бұл мағыналық иерархия тән емес.

Иерархия дегеніміздің өзі бір нәрсенің екінші бір затқа бағынышты, тәуелділігін, төменнен жоғарыға ауысуды білдіретін құбылыс екендігі белгілі. **ККҚС-нің мағыналық иерархиясы** дегенде негізгі мағыналық қатынас пен ішкі мағыналық қатынастың біртұтастығын, тәуелділігін айтамыз. ККҚС-нің мағынасын топтап, жікке бөліп көрсетуде біз оларды үлкен екі топқа бөліп қарастырамыз: 1) ашық құрылымды бірыңғай жай компонентті салалас құрмалас; 2) арыңғай компонентті салалас құрмалас. Бұлайша бөліп алу ККҚС компоненттерінің арасындағы мағыналық қатынастарды ажыратуға мүмкіндік туғызады.

Ашық құрылымды бірыңғай жай компонентті сөйлемдер бірыңғай мағыналық қатынаста да, арыңғай қатынаста да келеді. Мағыналық қатынастарының бірыңғай және арыңғай келуі олардың санына тәуелсіз, тікелей компоненттер мазмұнынан туындап жатады. Ал компонент мазмұны оның лексикалық құрамына байланысты. Соған сай жай компонентті салаласты скіге бөлте болады: а) бірыңғай қатынасты; ә) арыңғай қатынасты.

Бірыңғай мағыналық қатынасты салалас (БМҚС) құрамындағы компоненттер саны қанша болса да, компоненттер арасындағы мағыналық

қатынастар бір түрлі, бірыңғай болып келеді.

Жай компонентті салалас құрмалас компоненттерінің мағыналық қатынастары **бірыңғай мезгілдес, бірыңғай суреттемелі, бірыңғай себепті, бірыңғай салдарлы** болып бөлінді. Жай компонентті әрыңғай қатынасты/ӘМҚ/ ККСҚС компоненттері арасындағы мағыналық қатынастар, ең кем дегенде, екі түрлі не одан да жоғары бола алады. Мұндай ККСҚС компоненттерінің саны қаншалықты болса да, олардың арасындағы қатынастар қайталанып отырады. Жалпы, ӘМҚ-ты ККСҚС-нің мағыналық қатынасы үш түрлі келеді де, олар сол сөйлем ішінде қайталана алады, төрт түрлі қатынас сирек, ал онан жоғары қатынас түрі өте сирек.

Жай компонентті ӘМҚ-ты ККСҚС-нің мағыналық қатынастары жұп болып келеді. Бұл кезде сөйлем құрамында алдыңғы компоненттер бір түрлі қатынаста келіп, кейінгі компонентпен басқа бір түрлі мағыналық қатынаста тұрады. Мұндай қатынастар қалыпты салалас құрамындағы компоненттердің арасында туындайтын қатынастардың негізіне сүйенеді. Солардың қосарлануын түзеді.

Әрыңғай компонентті салалас /ӘКС/ құрмалас сөйлем компоненттерінің мағыналық қатынастары да жоғарыдағы қатынастарды қайталайды. Олардың ерекшелігі құрамында күрделі компонент келетіндіктен, мағыналық қатынас **ішкі** және **сыртқы** болып бөлінді. Сыртқы /негізгі/ мағыналық қатынас негізгі құрылымдық схемадағы компоненттер арасында туындаса, **ішкі мағыналық** қатынас күрделі компоненттегі ПБ-тер арасында, кейде компонентаралық ПБ-тер /қаттаушы/ компоненттегі ортақ ПБ-терде/, яғни ішкі құрылымдық схемада көрініс береді. Біз мағыналық қатынастарды бұлайша бөліп көрсеткенімізбен, олар тұтас сөйлемде органикалық, диалектикалық бірлікте болады. ККСҚС-дегі ішкі мағыналық қатынас негізгі мағыналық қатынастың құрамдас бөлшегі болып, оған сипі тұрады. Негізгі және ішкі

мағыналық қатынастар құрмалас сойлем компоненттерінің аралығында туындайтын мағыналардың қай түрімен де келе береді.

ӘКС құрамындағы компоненттер арасындағы мағыналық қатынастарды **екі қабатты мағыналық қатынас** және **үш қабатты мағыналық қатынастар** деп жіктейміз. Мұндай көп қабатты мағынаға ие ККСҚС - де жалпы мағыналық қатынастар екіге бөлінеді: НМҚ /негізгі мағыналық қатынас/ - бұл компоненттер арасында, яғни негізгі құрылымдық схемада жүзеге асады, ІМҚ /ішкі мағыналық қатынас/ - бұл компонент құрамындағы ПБ-тер арасындағы мағыналық қатынастарды сипаттайды, ішкі құрылымдық схемаға тән.

Екі қабатты мағыналық қатынастарға ие ККСҚС-дерде компоненттер арасындағы мағыналық қатынастар бір қабат түзіп /олар бір түрлі де, әр түрлі де/ болады, күрделі компонент құрамындағы ПБ-тер қатынасы бір қабат түзейді /олардағы мағыналық қатынас түрі біреу/. Олар былайша келе алады: НМҚ - қарсылықты - салдарлы, ІМҚ - мезгілдес, не НМҚ - қарсылықты - ыңғайлас, ІМҚ - түсіндірмелі т.с.с.

Үш қабатты мағыналық қатынасқа ие ККСҚС - де күрделі компонент құрамындағы ПБ-тер саны төртсуден кем болмайды да, әрі ішкі құрылымдық мүшелену сатысының өзі екі сатылы болады, яғни үш ІМҚ бар, олардың сипаттары бірдей де, әр түрлі де бола береді. НМҚ негізгі құрылымдық схемаға тән, әрі ол біреу. Мұндай қатынас көрінісі былайша болады: НМҚ - түсіндірмелі, ІМҚ - қарсылықты $2/3$ және $4/5$; ыңғайлас - $2,3/4,5$.


Жалпы ККСҚС-нің мағыналық (екі қабатты не үш қабатты) түрлерінің қай-қайсысында да мағыналық қатынастардың сипаты әр түрлі болып келе алады. Қалыпты сәлалас компоненттерінің арасындағы мағыналар мұнда бірде ішкі құрылымда, бірде негізгі құрылымда орналаса береді. ККСҚС компоненттерінің мағыналық өзгешелігі олардың қатынас түрлерінің қабатталуынан көрінеді. Әрі бұл қабатталу (ІМҚ+НМҚ) қалай болса солай емес белгілі бір заңдылыққа сүйенеді. Мұндай заңдылық

ККҚС компоненттерінің құрамына енетін ПБ-тердің өзгелерге қарағанда екеуінің (не оған да көп) мағыналық тартылысының күштілігі нәтижесінде туады. Ал олардың бірігуі-ми процестеріне, атап айтқанда, оперативтік ес единицаларының сипатына, материалдың кодпен хабарлануына негізделеді

ІІІ тарау “ККҚС-нің грамматикалық сипаты” деп аталады. Тарауда ККҚС-нің компоненттері мен ПБ-терінің сипаты анықталып, жіктеліп берілді.

ККҚС-нің синтаксистік құрамы оның бойында тұратын оған өмір сүруге мүмкіндік беретін ПБ-тер мен компоненттердің сипатымен анықталады. Басқаша айтсақ, синтаксистік құрамы дегенде оған ене алатын жеделген сөйлемдердің мүмкіндігін және олардың бойындағы қасиеттерін сөз етеміз.


Тіл фактілеріне сүйене отырып, ККҚС компоненттерінің құрамына енетін предикативтік бірліктерді былайша топтауға болады:



Осыған сәйкес компоненттерінің құрамындағы ПБ-тердің түрлеріне қатысты ККҚС-ді екіге жіктеуге болады: 1) компоненттері бірыңғай үлгідегі ПБ-пен келген ККҚС; 2) компоненттері әрыңғай үлгідегі ПБ-пен келген ККҚС. Мысалы: Данышпандар әлдеқашан байқаған (1): әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады (2), әрбір қайратсыз - қорқақ,

мақтанғыш келеді (3), әрбір мақтаншақ-қорқақ, ақылсыз келеді (4), әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді (5), әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жаңдар шығады. (6) (Абай).

Схемасы:




Сөйлем екі компоненттен құралған: бірі-жай, екіншісі-күрделі. Жай компонент бір ПБ-тен, күрделі компонент бес ПБ-тен тұрады. Компоненттердің мағыналық жүктері әр түрлі. Сөйлемнің алғашқы компоненті тұтас конструкция үшін "мағыналық ұйытқы". Сөйлем құрамындағы ПБ-тердің әрбірі жай сөйлем үлгісімен келген. Күрделі компонент құрамындаға жай сөйлем үлгісіндегі ПБ-терді қиюластырып тұрған: 1) олардың мағыналық қызметтерінің бір бағыттылығы, 2) сөздердің қайталануы: а) **әрбір** сөзінің әр ПБ-тің басында қайталанып келуі, ә) ПБ-тің тізбекті байланысы. Тізбекті байланысты ПБ-тердегі қайталанып отыратын **қайратсыз, мақтаншақ, қорқақ, ақылсыз, надан, арсыз** сөздері туғызып тұр. Екінші ПБ-тегі баяндауыш құрамында тұрған **қайратсыз** сөзі үшінші ПБ-те заттанған есімнен болған бастауыш қызметінде келген. Осы (3) ПБ-тің баяндауышы құрамындағы сөз (мақтанғыш) - келесі (4) ПБ-тің бастауышы Төртінші ПБ-тің құрамындағы **ақылсыз** сөзі-бесінші ПБ-тің бастауышы. Осы ПБ-тің баяндауышы құрамында келген "арсыз" сөзі алтыншы ПБ-тегі " жалқаудан " сөзінің анықтауышы болып тұр. Көріп отырғанымыздай, бұл қайталану (2) - " жай қатар тізбектелу емес, шынжырлы тізбектелу". 3) ПБ-тердің баяндауыш тұлғаларының бірдей жақта және ауыспалы осы шақ формасында келуі (тартады, келеді, шығады). Осылайша бір компонент құрамына өзара қиюласқан ПБ-тер енгізіп және де бірінші компонент

мағынасын түсіндіріп тұр. Екі компонент арасындағы түсіндірмелі мағыналық байланыс және бірінші компоненттің жалпылық мәні, бірінші компонент құрамындағы ПБ-тің баяндаушышының есімшеден келуі, интонациялық тұтастықта айтылуы - барлығы жинала келіп оларды бір бүтінге біріктіріп тұр.

ККҚС құрамында жай сөйлемнің түрлері ыңғайында құрылған ПБ-тер де келе алады. **Көз жегер көлем сондай бір момақан қалыпта, селт етер емес (1), шөптің басы қимылдамайды (2), марғау тыныштық (3), сыбдыр - сыбдырсыз ақ тымық әлем (4) (Ө.Қанахин).** Бұл мысал-сөйлемнің ПБ-тері атаулы сөйлем үлгісімен құрылған. 3,4-ПБ-тердегі көріністі жалпылап тұр.

ККҚС компоненттерін құрайтын ПБ-тердің қандай сөйлем үлгісімен құрылғаны оның компонентінің сипатына әсер етеді.

ККҚС компоненті құрамында келетін ПБ-тің бір-біріне қажеттілігі мен тұтас сөйлемде болу міндеттілігі бірдей бола бермейді. ПБ-дердің қозғалу еркіндігіне байланысты күрделі компонент түрлерін былайша схемаға түсіреміз: а) еркін қозғалыстағы ПБ-пен келген компонент құрылымының схемасы; ә) біршама еркін қозғалыстағы ПБ-пен келген компонент схемасы; б) тұрақты ПБ-пен келген компоненттің схемасы.



Компонентаралық ПБ-тер қатынасының схемасы а) “қаттаушы” компонент түзетін компонентаралық ПБ-тер схемасы. ә) Қалыпты компонентаралық қатынастағы ПБ-тер схемасы.



ККҚС-нің бірыңғай жай компонентті түрін: а/ үш құрамды, ә/ төрт құрамды, б/ бес және одан да көп құрамды ККҚС деп жіктейміз. Бірыңғай күрделі компонентті сөйлемнің синтаксистік құрамы екі күрделі компоненттен тұрады. Күрделі компоненттегі ПБ-тер саны екеуден жоғары, кейде одан да көп болады.

Әрыңғай компонентті салалас ҚС-нің синтаксистік құрамын былайша топтаймыз: **екі құрамды**. Бұл кезде компоненттің біреуінің күрделі болып келуі міндетті. **Үш құрамды**. Мұның өзін компоненттерінің орналасуына қарай үшке жіктейміз: төрт не одан да көп құрамды, мұнда компоненттер түзетін ПБ тер саны кем дегенде бесеу болады.

ККҚС құрамындағы компоненттердің арасындағы байланыстар сөйлемнің негізгі байланысу сипатын көрсетеді. Оның үш түрі бар: 1) жалғаулықсыз, б) жалғаулықты, в) жалғаулықты - жалғаулықсыз. Күрделі компонент құрамында келетін жалғаулықтар сөйлемнің негізгі сипатын анықтауда ескерілмейді, компоненттерді құрмаластыратын жалғаулықтар басшылыққа алынады.

Қорытынды бөлімде ККҚС-нің құрамында кем дегенде салаласа байланысқан үш ПБ-тің мағыналық, тұлғалық, интонациялық тұтастығын сыйдыратын, көп өлшемді құрылымы мен көп қабатты мағынасы болатын синтаксистік бірлік екендігі туралы тұжырымдар берілді.

Жұмыстың соңында әдебиеттер көрсеткіші көрсетілген.

Диссертацияның негізгі мазмұны төмендегі басылымдарда берілді:

1. Полипредикативті салалас құрмаластың қалыпты (элементарлық) салалас құрмалас сөйлемнен өзгешеліктері //ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы.1995. № 5. 66-72-б.
- 2.Түсіндірмелі қатынастағы көп компонентті салалас құрмалас сөйлем// Ізденіс .1996. № 3. 31-36-б.
3. Көп компонентті салалас құрмалас сөйлемнің құрамы//Қазақ тілі мен әдебиеті. 1995. № 8. 96-101-б.



РЕЗЮМЕ**Садирова Кулзат Каниевна****Многокомпонентные сложносочиненные
предложения в современном казахском языке****10.02.02- Казахский язык**

Диссертация посвящена исследованию структурно-семантический особенностей многокомпонентных сложносочиненных предложении в современном казахском языке. В первой главе "Исследование и развитие многокомпонентных сложносочиненных предложений," раскрываются пути развития многокомпонентных сложносочиненных предложении в казахском языке, анализируются работы по данной теме.

Во второй главе "Структурно-семантические особенности многокомпонентных сложносочиненных предложении в современном казахском языке" выявлен специфический характер названного типа предложения: определены и обобщены семантические свойства многокомпонентных сложносочиненных предложении в современном казахском языке.

В третьей главе "Грамматические характеристики многокомпонентных сложносочиненных предложений" определены и выявлены виды предикативных единиц и компонентов.

В заключении даны основные результаты исследования.

Resume**About the multi component complex sentence****Form in the modern kazakh language.****By Sadirova Gulzat Kanievna.****10/02/02 Kazakh language department**

The dissertation examines the problem of the special structure of the meaningful complex sentence in modern kazakh language.

In the first the multi component complex sentence is analyzed scientifically by studying the specialty of its characteristics and use the bibliographical material to analyze it.

In the second part is researched the semantic structure of this multicomponent complex sentence and examine thoroughly each of its meaningful part group according to its semantic type.

In the third part is presented the syntactic structure of the multicomponent complex sentence. Here is analyzed the component and its relation with the predicative unity of them.

The conclusion brings together the results of the research and provides a clear picture of the specificity of the multicomponent complex sentence form in the modern Kazakh language.

Подписано в печать 28.04.97г.
Формат 62x84 1/16
Печать RISO. Бумага KUMNOVA.
Заказ № 3132. Объем 26 стр.
Тираж 100 экз.



**КОМПЬЮТЕРНО-ИЗДАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР
АКСИМ**

Адрес: 480013, Республика Казахстан, г.Алматы,
пр.Абая 10
Телефон: (8-327-2) 62-91-66